

**Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтерді сертификаттау бойынша өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесін және Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптарды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитетінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 31 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2688. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 11 ақпандағы N 79 Бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2010.02.11 N 79 Бұйрығымен.**

Азаматтық авиация саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерін "Азаматтық авиация саласындағы кейбір нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 106 қаулысына сәйкес келтіру мақсатында **Бұйырамын** :

1. Қоса беріліп отырған:

1) Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтерді сертификаттау бойынша өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесі ;

2) Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптары бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Б.М.Наурызалиевке жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға м.а.*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
К ө л і к            ж әне            к о м м у н и к а ц и я л а р  
м и н и с т р л і г і н і ң            А з а м а т т ы қ

авиация комитеті Төрағасының  
2004 жылғы 9 қаңтардағы  
№ 5 бұйрығымен бекітілген

**Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтерді сертификаттау бойынша өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесі**

1. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - Ұйым) жарғысының көшірмесі.
2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі.
3. Ұйымның қаржы-экономикалық жағдайы туралы анықтама.
4. Ұйымның қызметі жөніндегі басшылық.
5. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу сапасы жөніндегі басшылық.
6. Ұйымның бекітілген құрылымы.
7. Ұйымның құрылымдық бөлімшелері туралы ережесі.
8. Ұйымның штаттық кестесі.
9. Ұйымның басқарушы-жетекші құрамына мәліметтер және білімі туралы тиісті құжаттардың көшірмелері.
10. Ұйымның басқарушы-жетекші құрамының лауазымдық нұсқаулықтары.
11. Авиациялық техника үлгісі бойынша рұқсат түрлері мен жұмыс түрлері көрсетілген Ұйым қызметкерлерінің тізімі.
12. Ұйымның базадан тыс жерде әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді орындау үшін экипаж құрамында ұшуларды орындауға рұқсат етілген инженерлік-техникалық құрамының тізімі.
13. Экипаж құрамында ұшуларды орындайтын инженерлік-техникалық құрамның сақтандыру полистерінің көшірмелері.
14. Экипаж құрамында ұшуларды орындайтын инженерлік-авиациялық қызметтің қызметкерлеріне дәрігерлік анықтамаларының көшірмелері.
15. Ұйымның қызметін жүзеге асыруға негіз болатын қолданыстағы құжаттар тізбесі.
16. Авиациялық техниканы пайдалануды технологиялық-конструкторлық қолдауға Ұйым мен авиациялық техниканы жасаушылар, әзірлеушілер немесе азаматтық авиацияның ғылыми-зерттеу ұйымдары арасында жасалған шарттардың көшірмелері.
17. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындауға Ұйым мен азаматтық авиацияның басқа тараптық ұйымдары арасында жасалған шарттардың көшірмелері.

18. Авиациялық техниканы жөндеуге Ұйым мен азаматтық авиацияның жөндеу ұйымдары арасында жасалған шарттардың көшірмелері.

19. Ұйымның қызметін метрологиялық қамтамасыз етуге жасалған шарттардың көшірмелері.

20. Ұйымның инженерлік-техникалық құрамын техникалық оқулардан өткізуге және біліктілігін көтеруге жасалған шарттардың көшірмелері.

21. Жалдамалы ғимараттар мен жерде қызмет көрсету құралдарын пайдалануға жасалған шарттардың көшірмелері.

22. Ұшу ақпараттарын өңдеу және талдауға жасалған шарттың көшірмесі.

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникациялар

министрлігінің Азаматтық

авиация комитеті Төрағасының

2004 жылғы 9 қаңтардағы

№ 5 бұйрығымен бекітілген

**Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптар 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптар (бұдан әрі - Сертификаттық талаптар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қаңтардағы № 106 қаулысымен бекітілген, Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтерді сертификаттау ережесіне сәйкес әзірленді және авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және (немесе) жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі - Ұйым) қойылатын сертификаттық талаптарды белгілейді. Сертификаттық талаптар авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын заңды тұлғаларға таралады.

2. Осы Сертификаттық талаптарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) авиациялық техника - азаматтық әуе кемелері, олардың жабдықтары, жинақтаушы бұйымдары, қозғалтқыштары, тренажерлер мен азаматтық әуе кемелеріне жер бетінде қызмет көрсету құралдары;

2) Даярлаушы - авиациялық техниканы өндірісін жүзеге асыратын кәсіпорын немесе өзге заңды тұлға;

3) Әзірлеуші - авиациялық техниканы әзірлеуді жүзеге асыратын ұйым, кәсіпорын немесе өзге заңды тұлға;

4) авиациялық техниканы жөндеу - авиациялық техника бұйымдарының

жөнді күйі мен жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар к е ш е н і ;

5) Ұйымның қызметі жөніндегі басшылық - Ұйымның мақсаттары жазылатын және ресурстық қамтамасыз ету мен жұмыстардың орындалуын ұйымдастыруды а н ы қ т а й т ы н қ ұ ж а т ;

6) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу сапасы жөніндегі басшылық - Ұйымның сапа жүйесін реттейтін құжат;

7) сапа жүйесі - ұйымдық құрылымның, құжаттық әдістемелердің, процестердің және сапаны әкімшілік басқаруды жүзеге асыру үшін қажет р е с у р с т а р д ы ң ж и ы н т ы ғ ы ;

8) техникалық қызмет көрсету - әуе кемесін ұшуға дайындау, ұшудан кейін, сақтау және тасымалдау кезінде оның ұшуға жарамдылығын (жөнді күйін, жұмысқа қабілеттілігін және дұрыс жұмыс істеуін) қолдау үшін авиациялық техникаға орындалатын жұмыстар кешені;

9) күнделікті жөндеу - әуе кемесін жөндеуаралық ресурс қалдығы және (немесе) қызмет мерзімі шегінде пайдалануға жіберумен оның құрамдас бөлігінің жөнді күйін немесе жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар к е ш е н і ;

10) сапаны бақылау органы - Ұйымның: техникалық бақылау бөлімі;

сапаны бақылау бойынша арнайы тағайындалған қызметкерлер тобы; не болмаса мынадай бөлімшелердің бірі түрінде: өнім сапасын басқару жөнінде;

авиациялық техниканы техникалық бақылау, диагноз қою және сенімділігі ж ө н і н д е ;

осындай бөлімшенің негізгі немесе негізгі міндеттерінің бірі авиация техникасына техникалық қызмет көрсету сапасын бақылау жөніндегі функцияларды жүзеге асыру болып табылады деген шартпен авиациялық техниканың техникалық жай-күйін басқару жөніндегі бөлімше ретінде жұмыс істейтін бөлімшесі.

3. Коммерциялық тасымалдар және(немесе) авиациялық жұмыстарды орындайтын азаматтық әуе кемесінің пайдаланушысы әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын қолдауды қамтамасыз ету үшін өз құрылымында техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындауға белгіленген тәртіппен сертификатталған Ұйымды ұстауға, не болмаса осы жұмыс түрлерін орындауға құқылы сертификатталған Ұйыммен өз әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарттар жасасуға тиіс.

4. Авиация техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі белгілі бір жұмыстарды орындауға Ұйымның сәйкестігін растайтын құжат,

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган беретін Сертификат болып табылады.

5. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптар:

- 1) басқаруды ұйымдастыру және құрылымын;
- 2) техникалық қызмет көрсетуді құжаттамалық және ақпараттық қамтамасыз етуді ;
- 3) персоналмен қамтамасыз етілуін;
- 4) өндірістік базаны ;
- 5) техникалық қызмет көрсету процестерін ұйымдастыруды;
- 6) техникалық қызмет көрсету сапасын бақылау жүйесін;
- 7) материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін қамтиды.

6. Авиациялық техникаға жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптар:

- 1) қызметті ұйымдастыруын ;
- 2) кәсіби даярлауды және жұмысқа жіберуге рұқсатты;
- 3) метрологиялық қамтамасыз етілуді;
- 4) жеткізушілермен жұмыстарды;
- 5) Кіріс бақылауы. Материалдар мен бұйымдарды сақтау мен орын алмастырылуын ;
- 6) авиациялық техниканы жөндеудің технологиялық процесін;
- 7) арнайы технологиялық процестерді;
- 8) бұзылмайтын бақылауды;
- 9) тәжірибелік тексеруді;
- 10) жөндеу процесінде әуе кемесі мен құрамдас бөлігіне техникалық қызмет көрсетуді ;
- 11) құжаттамаларды ;
- 12) сәйкессіз өнімдермен қатынастарды;
- 13) істен шыққан бұйымдар бойынша ақпараттық жүйелер мен шаралар қабылдауды ;
- 14) бюллетень бойынша бұйымдарға жасалатын жұмыстарды;
- 15) ұшу жарамдылығын бағалау және ресімдеуді. Бұйымды пайдалануға қайтаруды қамтиды.

**2. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын**

**сертификаттық талаптар & 1. Басқаруды ұйымдастыру және құрылымы**

7. Ұйымда мынадай негізгі функцияларды орындауды қамтамасыз ететін, Ұйым басшысы бекіткен, құжаттай ресімделген ұйымдық құрылым болуы тиіс:

- 1) Ұйымның қызметін жоспарлау;
- 2) әуе кемелерінің техникалық қызмет көрсетуге келуін жоспарлау және басқару ;
- 3) қызмет көрсетілетін авиациялық техниканың техникалық жай-күйін бағалау, нақты әуе кемесінің істеген жұмысы мен техникалық жай-күйін бағалау қорытындыларын ескере отырып, техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың көлемін тағайындау, техникалық қызмет көрсету регламенттерін, технологиялары мен әдістерін жетілдіру;
- 4) қажетті көлемде және белгіленген мерзімде нормативтік және пайдалану-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындауды және процестерін басқаруды ұйымдастыру;
- 5) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың күтіліп отырған көлемін кадрлармен, оның ішінде санаттар, мамандықтар мен біліктілік бойынша мамандардың қажетті санымен қамтамасыз ету;
- 6) техникалық қызмет көрсету процестерін қызмет көрсету құралдарымен, қосалқы бөлшектермен, материалдармен, әр түрлі энергиямен қамтамасыз ету;
- 7) техникалық қызмет көрсетудің жоғары сапасын және оны бақылау тиімділігін қамтамасыз ету.

8. Ұйымда барлық құрылымдық бөлімшелердің Ережелері әзірленіп, бекітілуі тиіс, онда әрбір бөлімшенің және оның басшысының функциялары көрсетіліп, олар жиынтығында Ұйым іске асыратын барлық функцияларды қамтуы тиіс, сондай-ақ авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және күнделікті жөндеу жұмыстарын басқаратын, орындайтын және тексеретін персоналға арналған лауазымдық нұсқаулықтар әзірленуі тиіс, оның ішінде әрбір жұмыскердің міндеттері, өкілеттіктері және тікелей бастық пен бағыныстылардың өзара іс-қимыл сызбасы нақты анықталуы тиіс.

9. Ұйымда бөлімшелердің өзара және өзге ұйымдармен негізгі функцияларды орындау кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі (сызбасы), осы бөлімше алып, беретін материалдық құндылықтар, ақпарат пен құжаттар көрсетіліп, пысықталуы және құжаттарда жазылуы, сондай-ақ әрбір функцияны, міндетті немесе рәсімді орындау үшін жауап беретін жұмысшы белгіленуі тиіс.

10. Ұйымда авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және күнделікті жөндеуді ұйымдастырудың қолданылып жүрген әдістері мен рәсімдерінің және өндірістік, материалдық-техникалық және еңбек ресурстарының сипаттары Қызмет жөніндегі басшылық түрінде құжатпен ресімделген және бекітілген болуы тиіс.

## **&2. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді құжаттамалық және ақпараттық қамтамасыз ету**

### **1 1 . Ұ й ы м :**

1) өз қызметіне қатысты жалпы пайдалану құжаттамасының толық жиынтығын өз иелігінде ұстауға;

2) орындалатын жұмыс түрлеріне қатысты осы кезде қолданылатын барлық қызмет көрсетілетін әуе кемелерінің әрбір үлгісі бойынша үлгілік пайдалану құжаттамасына ие болуы және көрсетілген құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар алынуын қамтамасыз етуге;

3) әрбір позиция бойынша эталондық, бақылау және жұмыс даналарының саны мен орналасқан жері көрсетілген әуе кемесінің әрбір үлгісі бойынша осындай құжаттама (техникалық қызмет көрсету регламенттері, техникалық қызмет көрсету жөніндегі технологиялық нұсқаулар, нұсқаулықтар, бюллетеньдер, уәкілетті органның бұйрықтары, нұсқаулары) тізбесіне ие болуға тиіс.

12. Ұйымда мыналар анықталуы тиіс:

1) үлгі құжаттаманы сақтау, пайдалану (беру) тәртібі;

2) басшылық құжаттарда белгіленген мерзім ішінде құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, құжаттарды түзету туралы хабарламалармен құрылымдық бөлімшелердің жұмысшыларын қамтамасыз ету тәртібі;

3) инженерлік-техникалық персоналдың түскен жаңа құжаттарды жедел зерделеуі, сондай-ақ қолданылып жүрген құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі.

13. Ұйымдық-өкімдік құжаттаманы жүргізу Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының авиация техникасын техникалық пайдалануды және жөндеуді реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес болуы тиіс.

14. Әуе кемесінің жүйелері мен құрамдас бөліктерінің қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін авиациялық техниканың техникалық жай-күйінің барлық айқындалған кемшіліктері туралы Ұйым уәкілетті органды және осы авиация техникасын әзірлеушіні/жасаушыны, сондай-ақ әуе кемесінің иесі-пайдаланушыны немесе жалға алушыны хабардар етеді.

## **&3. Персоналмен қамтамасыз етілуі**

15. Ұйым мыналарды қамтамасыз етеді:

1) өз бөлімшелерін авиация техникасына жасалған техникалық қызмет көрсету және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы құжаттаманы ресімдеу құқығымен, әуе кемесінің нақты үлгісінде және авиация техникасында белгілі бір

функцияларды және (немесе) жұмыс түрлері үшін техникалық қызмет көрсетуге дайындық сертификаты (куәлігі) (дербес техникалық қызмет көрсетуге рұқсаты) бар білікті мамандардың қажетті санымен толықтыруды;

2) күтіліп отырған жұмыс көлемі үшін қажетті мөлшерде әртүрлі мамандығы бар орындаушылармен бөлімшелерді толықтыруды;

3) өз мамандарын даярлау және жүйелі түрде біліктілігін (білімін, дағдыларын) арттыру, атап айтқанда, авиация техниктері (авиамеханиктер) кемінде үш жылда бір рет, инженерлер кемінде алты жылда бір рет біліктілігін арттыру курстарында оқуға тиіс.

16. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың сапасын бақылайтын және қызмет көрсетілген авиациялық техниканың ұшуда пайдалануға жарамдылығы туралы қорытынды ресімдейтін қызметкерлердің лауазымдары біліктілігі орындайтын жұмыстарына сәйкес мамандармен толықтырылуы тиіс.

17. Ұйымдарда мыналар әзірленуі және бекітілуі тиіс:

1) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді орындауға, бақылауға және қамтамасыз етуге қатысатын инженер-техникалық персонал мамандықтарының тізбесі;

2) Ұйым бөлімшелерінің инженер-техникалық персоналының ең аз толықтырылу таблицасы;

3) лауазымды тұлғалардың тізімі: техникалық қызмет көрсету процестерін басқару үшін жауаптылар; авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың сапасын бақылауға уәкілеттік берілгендер; әуе кемесінің (оның құрамдас бөліктерінің) ұшуға жарамдылығы туралы түпкілікті қорытынды беруге уәкілеттік берілгендер.

#### **&4. Өндірістік база**

18. Ұйымда меншікті немесе жалға алынған ғимараттары, құрылыстары, өндірістік, қоймалық, қызметтік және тұрмыстық үй-жайлары болуы тиіс және жалпы және үлгі пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес және әуе кемелерінің үлгісі мен климаттық жағдайлар ескеріліп, авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қажетті әртүрлі энергиямен қамтамасыз етілуі тиіс.

19. Қоймалық, аспаптық, толықтыру үй-жайларында авиациялық техника мен авиация-техникалық мүліктің қасиеттері мен сипаттары сақталуы, зақымдалу мен ластанудан қорғау, пайдалануға жарамдылар мен жарамсыздар оқшау болуы, әртүрлі бұйымдар бөлек сақталуы қамтамасыз етілуі қажет.



20. Ұйым жалпы пайдаланымдағы жер бетінде қызмет көрсетудің меншікті немесе жалға алынған құралдарымен, барлық әуекемелерінің үлгілері үшін станоктық және басқа жабдықтармен, сондай-ақ осы үлгі үшін арнайы қызмет көрсету құралдарымен, стенд жабдығымен, аспаптармен, бақылау-тексеру аппаратурасымен және пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес авиация техникасына техникалық қызмет көрсету кезінде пайдалану көзделген өлшем құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

21. Ұйым өндірістік база объектілерін, техникалық құралдарды, аспаптарды жөнді күйде және тұрақты техникалық қызмет көрсету мен метрологиялық тексеру жүргізу жолымен пайдалануға дайын болу, сондай-ақ осындай қызмет көрсету мен тексерістерді тіркеуі тиіс.

22. Метрологиялық қамтамасыз ету авиациялық техниканы техникалық пайдалану және жөндеуді реттейтін нормативтік құжаттарға және азаматтық авиацияда қолданылатын, тексеруге жататын өлшем құралдарының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

23. Ұйымның зертханалары мен бөлімшелерінде Өлшем құралдарының тізбесі мен оларды тексеру кестелері болуы, сондай-ақ осы кестелердің сақталуын бақылайтын лауазымды тұлғалар тағайындалуы тиіс.

## **&5. Техникалық қызмет көрсету процесін ұйымдастыру**

24. Әуе кемелеріне және олардың құрамдас бөліктеріне техникалық қызмет көрсету Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының авиация техникасын техникалық пайдалану және жөндеу ережесімен, регламенттермен және технологиялық нұсқаулармен (технологиялармен), сондай-ақ авиация техникасына (үлгілері бойынша) техникалық қызмет көрсету жөніндегі басқа құжаттармен, оларды жөндеу жөніндегі басшылықтармен анықталатын көлемде (жұмыстар тізбесі және авиация техникасының техникалық жай-күйін тексеру тереңділігі) және кезеңділікпен (уақыт аралығы немесе сағатпен авиация техникасының істеген жұмысы, ұшу саны немесе пайдалану циклы бойынша) жүргізілуі тиіс.

25. Әуе кемесінің ұшуына немесе әуе кемесіне орнату үшін құрамдас бөлікті пайдалануға арналған рұқсат туралы құжатты тиісті уәкілетті орган ресімдеуі тиіс, ол әуе кемесінде немесе оның құрамдас бөліктерінде барлық талап етілетін техникалық қызмет көрсетуді өкілетті Ұйым (немесе оның өкілетті мамандары) тиісті түрде және Қызмет жөніндегі басшылықта және осы Ұйым бойынша Сапа жөніндегі басшылықта анықталған рәсімдерге сәйкес жүргізілгенін куәландырады.

26. Ұйым уәкілетті органмен келісілген немесе осы орган бекіткен нысандар бойынша құжаттарда орындалған жұмыстың барлық ұсақ-түйегін тіркейді.

27. Ұйым тіркелген және бекітілген әуе кемелерінде кезенді техникалық қызмет көрсету мен көп сатылы жұмысты жүргізуді жоспарлауы (перспективалық кесте жүргізуі) тиіс.

28. Ұйым ол авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар жүргізуді, осы жұмыстарды басқаруды және (немесе) олардың орындалу сапасын бақылауды тапсыратын әрбір маманда мыналардың болуын қ а м т а м а с ы з е т е д і :

1) оған жүктелген немесе ол тиісті сертификатталған маманның тікелей бақылауымен осы жұмысты орындаған жұмыс түрлері мен кешендері бойынша осы үлгідегі авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуге дайындығы туралы күші бар сертификаты (куәлігі) (немесе дербес орындауға рұқсаты) б о л у ы н ;

2) үлгі пайдалану құжаттамасының ережелерін, оған өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ осы жұмыс түрі мен тізбесіне жататын технологиялық құжаттама ережелерін білуін;

3) өз иелігінде қажетті пайдалану және өндірістік құжаттаманы, ақпараттық мәліметтерді, сондай-ақ аспаптарды, өлшеу құралдарын, авиациялық техниканың техникалық жай-күйін анықтау құралдарын, пайдалану құжаттарында және метрологиялық тексеру мен басқа да техникалық тексерулердің қолданыстағы мерзімдеріне сәйкес көзделген техникалық қызмет көрсетуге арналған құрал-сайман мен жабдықтарды.

29. Ұйым әрбір қызмет көрсетілетін әуе кемесі бойынша немесе әуе кемесінде агрегаттарды ауыстыру немесе ақаулықтарды жою жөніндегі жекелеген көп сатылы жұмыстарды орындау кезінде осындай жұмыстарды орындау және авиация техникасының пайдалануға жарамдылығы туралы соңғы қорытындыларды ресімдеу үшін жауапты тұлғаны тағайындауы тиіс.

30. Ұйым авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету кезінде орындалатын жұмыстардың толық және сапалы болуын бақылау үшін ұсыну тәртібі сақталуын, сапаны бақылау бойынша өкілеттіктер мен жауапкершілікті өндірістік персонал мен сапаны бақылау органы персоналының арасында дәл бөліп, қамтамасыз етеді.

31. Ұйымда әуе кемелерінде аяқталмаған жұмыстарды бір ауысымнан екіншісіне, бір бригадadan екіншісіне, бір орындаушыдан екіншісіне берудің құжатты регламенттелген тәртібі болуы тиіс.

32. Әуе кемесін техникалық бригадалардан әуе кемесінің экипажына немесе күзетке қабылдау-тапсыру, әуе кемесін экипаждың күзеттен немесе техникалық бригадалардан қабылдауы, әуе кемесін бір экипаждан екіншісіне

тапсыру-қабылдау тәртібінің ерекшелігі нормативтік құжаттарда ұсынылған үлгіліктен айырмашылығы болған жағдайда Ұйымның басшысы бекіткен нұсқаулықпен реттелуі тиіс.

33. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету процесін технологиялық-конструкторлық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының авиациялық техникасын техникалық пайдалануды және жөндеуді реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес болуы тиіс.

34. Техникалық қызмет көрсету кезінде жаңа жабдықтарды, құралдарды, диагноз қою және бұзылмайтын бақылау құралдарын пайдалану жағдайында Ұйым осы жабдықты қолданатын персоналға оны қолдану және қауіпсіздік техникасы ережелерін жеткізуі тиіс.

35. Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі технологиялық процестерді ұйымдастыру Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының авиациялық техникасын техникалық пайдалануды және жөндеуді реттейтін нормативтік құжаттардың талаптары орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

## **&6. Техникалық қызмет көрсету сапасын бақылау жүйесі**

36. Ұйым белгіленген талаптарға сәйкес авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетуді сапалы орындау үшін жағдайды қамтамасыз ету үшін барлық өндіріс элементтерінің жай-күйін басқару жүйесі ретінде сапаны бақылау жүйесін әзірлеуі және жұмыс істейтін күйде ұстауы тиіс.

37. Сапаны бақылау жүйесі техникалық қызмет көрсетуге қабылдаудан техникалық қызмет көрсету регламентінің келесі осындай немесе одан да күрделі нысанына түскенге дейін техникалық қызмет көрсету мен ұшу-техникалық пайдалану процестерінің барлық кезеңдерін және авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету сапасына ықпал ететін жұмыстарды қамтамасыз ету және орындау жөніндегі қызметтің барлық түрлерін қамтуы тиіс.

38. Сапаны бақылау жүйесіне әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы техникалық қызмет көрсету барысында нақты қамтамасыз етілетіндігіне сену үшін сапаны өндіру және бақылау элементтерін басқару рәсімдері жүйесін дұрыс және тиімді қолданылуын тәуелсіз бақылау жүйесі кіруі тиіс.

39. Сапаны бақылау жүйесі сәйкессіздіктерді анықтап, жойып қана қоймай, сапаны өндіру және бақылау элементтерінде сәйкессіздіктің (ауытқудың) алдын алатындай жұмыс істеуі тиіс.

40. Авиациялық техникаға орындалған кез келген жұмыстың сапасы жұмысты орындаушыдан басқа, кемінде бір рет бақыланады.

41. Сапаны бақылау жүйесі авиациялық техника бұйымдарының техникалық жай-күйін бақылау және қалпына келтіру жөніндегі, технологиялық құжаттамада көзделген жұмыстар толық көлемде және белгіленген талаптарға сәйкес орындалып жатқандығына кепілдік етуі тиіс.

42. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және бар еңбек және материалдық ресурстарды тиімді пайдалану саласында алға қойылған мақсаттарға жету үшін Ұйым басшылығы сапаға ықпал ететін барлық әкімшілік, техникалық, экономикалық және адам ресурстарын осы факторларды басқару арқылы бақылауда ұстауы қажет. Осы үшін Ұйым құжатпен ресімделуі және Техникалық қызмет көрсету сапасын бақылау жүйесінде іске асыруы қажет негізгі ережелерді, талаптар мен рәсімдерді әзірлеуі тиіс.

43. Техникалық қызмет көрсету сапасын тікелей бақылау мынадай нысанда жүзеге асырылады :

1) сапаны бақылау жөніндегі мамандандырылған персонал - жауапты қызметкерлер жүзеге асыратын қабылдама немесе түпкілікті;

2) өндірістік учаскелердің персоналы: авиатехник бригадирлері, инженерлер және ауысым, учаске бастықтары жүзеге асыратын өндірістік бақылау.

Осыған байланысты техникалық қызмет көрсету сапасын бақылау жүйесіне талаптар бақылау жөніндегі мамандандырылған персоналға ғана емес, тұтас алғанда, Ұйымға да қойылады.

44. Сапаны бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы тұтастай Ұйымды басқарудың ұйымдық құрылымы шеңберінде, (жоспарлы-ресурстық, өндірістік, инженер-техникалық) сапаны қамтамасыз ету және сапаны бақылаудың кіші жүйелерін (бөлімше кешендерін) құрумен белгіленеді. Кіші жүйелерді басқаруды Ұйымның жоғарғы персоналы жүзеге асырады.

45. Сапаны бақылау жүйесінің құрылымы лауазымды тұлғалар мен орындаушылардың функционалды бағыныстылығы қағидаты бойынша қалыптастырылады.

46. Ұйымда сапаны басқару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін жауапты болу үшін жеткілікті өкілеттігі бар, Ұйымның бірінші басшысына тікелей бағынатын лауазымды тұлға болуы тиіс.

Осы тұлғаның сапа мәселелері жөніндегі өкімдері Ұйымның қалған персоналы үшін міндетті болып табылады.

47. Ұйымның жұмыскері осы бөлімшеге бекітілген сапа қызметі қызметкерінің нұсқауларын, егер олар жұмыс немесе өнім сапасына белгіленген талаптардан туындап отырса, орындайды.

48. Сапаны бақылау жүйесі элементтерінің жұмысы, тіпті егер оны Ұйымның басқа қызмет қызметкерлері тікелей жүзеге асырса да, сапа қызметінің жалпы басшылығымен жүзеге асырылады.

49. Ұйым өз құрылымында авиациялық техникадағы жұмыстардың орындалуын қадағалауды (қолданылып жүрген нормаларға, ережелер мен пайдалану-техникалық құжаттамаға сәйкес) жүзеге асыратын және белгіленген көлемде жұмыстардың орындалу сапасын бақылайтын мамандандырылған бөлімшені - сапаны бақылау органын ұстауы тиіс.

50. Сапаны бақылау органының ұйымдық-штаттық құрылымы Ұйымның өндірістік құрылымына сәйкес болуы және барлық өндірістік учаскелерде және авиация техникасында орындалатын сапаны бақылау органына жүктелген жұмыстардың сапасын ұдайы немесе іріктеп бақылау көзделген барлық технологиялық процестерде қабылдама бақылаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі тиіс.

51. Сапаны бақылау органының штаттары авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың көзделген бақылау көлемін орындау үшін жеткілікті және тиісті кәсіп мамандарымен толықтырылуы тиіс.

52. Сапаны бақылау органының персоналы мен өндірістік бақылаушылар авиациялық техниканың жай-күйін және оған техникалық қызмет көрсету сапасын бақылау кезінде әрбір үлгідегі авиациялық техника үшін Бақылауға жататын операциялар мен жұмыстардың тізбесінде көзделген тұғырлар бойынша үлгілік бақылау әдістемелері мен технологияларын басшылыққа алуы, сондай-ақ жұмыстарды қабылдау немесе, егер жұмыстар бұзушылықпен орындалса, оларды қабылдамау ережелерін және белгіленген өндірістік құжаттама мен техникалық қызмет көрсетудің кемшіліктері жөніндегі құжаттаманы ресімдеу ережелерін сақтауға тиіс.

53. Сапаны бақылау жүйесінің және оның элементтерінің жұмыс істеу ережелері мен рәсімдері құжатпен ресімделуі және Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының авиациялық техникасын техникалық пайдалануды және жөндеуді реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

54. Ұйым сапаны бақылау органының және оның қызметкерлерінің:  
осы Ұйымның басқа бөлімшелерімен;  
техникалық қызмет көрсету процестерін қамтамасыз ететін немесе авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерге тапсырыс берушілер болып табылатын азаматтық авиацияның немесе аймақтың осы бірлестігінің кәсіпорындарымен, қызметтерімен, бөлімшелерімен;  
бөгде ұйымдармен (тәжірибелік - конструкторлық бюро, жасаушы зауыттар, жөндеу зауыттары, материалдық-техникалық қамтамасыз ету органдары, әуе кемелерінің үлгілері бойынша жетекші Ұйымдар);  
әуе кемелерін техникалық пайдалануды осы Ұйымда авиациялық техникаға

техникалық қызмет көрсету сапасына жетекшілік ететін немесе инспекциялайтын жоғары тұрған Органдармен өзара іс-қимыл сызбасын әзірлеуі және құжатпен (нұсқаулықтармен немесе графикалық) ресімдеуі тиіс.

55. Ұйымда сапаны бақылау жөніндегі мамандандырылған бөлімше персоналы мен өндірістік учаскелер персоналы арасындағы техникалық қызмет көрсету сапасын бақылау мәселелеріндегі өкілеттіктерді, міндеттер мен жауапкершілікті бөлуді анықтайтын әрбір үлгідегі авиациялық техника бойынша Бақылауға жататын операциялар мен жұмыстардың тізбелері әзірленуі тиіс. Көрсетілген Тізбе әрбір Ұйымда ол орындайтын жұмыс түрлеріне қатысты және пайдалану құжаттамасының талаптары, жұмыс жағдайлары, осы авиация техникасын пайдалану тәжірибесі және инженер-техникалық персоналдың біліктілігі ескеріле отырып, әзірленеді және Ұйым басшысы бекітеді. Сапаны бақылау жөніндегі функциялар өндірістік бақылаушылардың лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетілуі тиіс.

56. Осы Ұйымда техникалық қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі негізгі ережелер, талаптар мен басқа да шарттар дербес Ұйымның басшысы немесе ол кіретін кәсіпорынның басшысы бекітетін Сапа жөніндегі басшылық түрінде ресімделуі тиіс. Көрсетілген Басшылық Ұйымның әрбір бөлімшесінде болуы және Ұйымның персоналы үшін қол жеткізімді және зерделенуі тиіс.

57. Ұйым қызмет көрсетілген авиациялық техника бұйымдарының пайдалануға жарамдылығына ықпал етуі мүмкін сапа жүйесіндегі кез келген өзгеріс туралы авиация әкімшілігін хабардар етуі тиіс.

58. Сапаны бақылау жүйесі Ұйымның басқару органдарына қолданылып жүрген сапа жүйесіндегі сәйкессіздіктерді жою және сапа жүйесін жақсарту жөнінде шешім қабылдау үшін қажетті және жеткілікті ақпарат дер кезінде ұсынылуын қамтамасыз етуі тиіс.

59. Ұйымда жедел шешімдер, техникалық қызмет көрсету және авиациялық техниканы күнделікті жөндеу сапасын жақсартудың ұзақ мерзімді бағдарламаларын қабылдау, Ұйым бөлімшелерінің жұмыс тиімділігін бағалау үшін барлық түрдегі ақпаратты жинау, өңдеу және талдау ережелері мен рәсімдерін құжатпен ресімдеуі тиіс.

60. Сапаны бақылау жүйесі авиациялық техниканың ақаулары мен істемей калуы туралы мәліметтерді жинаудың, есепке алудың, талдаудың және пайдаланудың салалық ақпараттық жүйесі жұмыс істеу үшін қажетті құжаттармен белгіленген ақпараттың уәкілетті органға тұрақты берілуін қамтамасыз етуі тиіс.

61. Ұйым уәкілетті органға, авиациялық техниканы әзірлеушіге, жасаушыға және пайдаланушыға ұшу қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін, әуе кемесінде істемей қалу мен ақаулықтардың айқындалғаны туралы кідіріссіз хабарлайды.

62. Ұйым авиациялық техниканы әзірлеушілерден және жасаушылардан ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ол қызмет көрсететін авиациялық техника бұйымдары үлгілерінің ұшуға жарамдылығын қолдауға қатысты бүкіл құжаттаманы (бюллетеньдер, нұсқаулар, пайдалану құжаттамасына өзгерістер) алуды қамтамасыз етеді.

63. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құжаттарды Ұйымның тиісті персоналы оқуы және олар пайдалану үшін қол жеткізімді болуы тиіс.

## **&7. Материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету**

64. Ұйым шаруашылығы дербес субъект болып табылатын жағдайларда оның құрылымында өз күшімен материалдық-техникалық қамтамасыз ету функцияларын орындайтын бөлімшелердің болуы және (немесе) тиісті қызметтерді көрсетуге басқа ұйымдармен жасасқан шарттарының болуы тиіс.

65. Ұйымда материалдық-техникалық қамтамасыз ету салалық органдарымен, жасаушы кәсіпорындармен және басқа да жеткізушілермен мүлікті жеткізуге жасалған шарттармен расталатын есептелген қажеттіліктерге сәйкес қосалқы бөлшектермен, агрегаттармен және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету (жыл бойы жоспарлы) көзделуі, сондай-ақ әрбір үлгідегі әуе кемесі бойынша Ұйым басшысы бекітетін агрегаттардың, бөлшектердің және материалдардың азайтылмайтын қорының тізбесі әзірленуі тиіс.

66. Ұйымда авиациялық-техникалық мүлікті зақымдалудан, таттанудан, ластанудан қорғайтын қажетті сақтау шарттары жасалып, қолдануы тиіс. Қажетті бөлшектер мен материалдарды тәулік бойы (қажет болғанда) алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шығыс қоймаларын қоса алғанда, қойма шаруашылығын ұтымды сызбасы жұмыс істеуі, сондай-ақ материалдық құндылықтардың болуын және жұмсалуын, авиациялық-техникалық мүлікті қабылдау, сақтау және беруді есепке алу жүйесі болуы тиіс.

67. Әуе кемесіне орнатуға жарамды агрегаттар мен қосалқы бөлшектерді жөндеу мен есептен шығаруға жататын сынықтардан бөлек сақтау ұйымдастырылуы тиіс.

68. Ұйым дербес емес және авиакәсіпорынның, авиакомпанияның немесе бірлестіктің құрылымына кіретін жағдайда жоғарыда көрсетілген талаптар осындай кәсіпорындардың, авиакомпаниялардың немесе бірлестіктердің материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімшелеріне қатысты болады.

69. Ұйым (ол бөлімшесі болып табылатын кәсіпорын) техникалық қызмет көрсету үшін тиісті персоналды даярлауды іріктеу мүмкіндігі болуы, барлық қажетті техникалық құралдарды, жабдықтарды, қосалқы бөлшектер мен материалдарды дер кезінде сатып алу үшін жеткілікті қаржы ресурстарына ие болуы тиіс.

70. Егер Ұйым қаржылық дербес болып табылатын жағдайда, онда материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін уақтылы шешуді, авиация техникасын жөндеуге ақы төлеуді, авиациялық-техникалық мүлікті және бөгде ұйымдардың техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша өзгеде қызметтерін жеткізушілермен есеп айырысуды, сондай-ақ жалақы төлеуді және республикалық бюджетке тиісті төлемдерді төлеуді қамтамасыз ететін орнықты қаржылық жай-күйі болуы тиіс.

Өзге жағдайда, онда басшысы бекіткен шығыс сметасы (қажеттік егжей-тегжейлі мәліметпен баптар бойынша) болуы тиіс. Мұндай жағдайда жоғарыда көрсетілген талаптар жоғары тұрған кәсіпорынға (бірлестікке) қатысты және олардың орындалуы осы кәсіпорынды сертификаттау кезінде тексеріледі.

### **3. Авиациялық техникаға жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын сертификаттық талаптар & 1. Қызметті ұйымдастыру**

71. Ұйымда басшылықтың авиациялық техниканы жөндеу процесіне қатысушы барлық бөлімшелер мен қызметтердің өзара байланысын қамтамасыз ететін, ұйым басшысы бекіткен, құжаттай ресімделген ұйымдық құрылым болуы, сондай-ақ сапа жүйесі бойынша мынадай құжаттарды әзірлеуі тиіс:

- 1) Сапа жөніндегі басшылықты;
- 2) құжатталған процестер процедураларын;
- 3) жоспарлау, жұмыстар мен процестерді басқару үшін қажетті құжаттарды.

72. Сапа жүйесі Ұйым басшысы бекіткен және сапа жүйесінің негізгі құжаты болып табылатын Сапа жөніндегі басшылықпен, сондай-ақ стандарттармен, н ұ с қ а у л а р м е н және :

- 1) Ұйымның ұйымдық құрылымын;
- 2) сапа жүйесін басқарудың құрылымы мен ұйымдастыруды;
- 3) сапа жүйесінің құрамына және элементтеріне (функцияларына) талаптарды және оларды іске асыру процедураларды;
- 4) Ұйымның лауазымды тұлғаларының сапа жүйесіндегі жауапкершілігін;
- 5) құрылымдық бөлімшелердің арасындағы функцияларды бөлуді;
- 6) әр түрлі бұйымдардың үлгілерін жөндеу ерекшеліктерін нақтылайтын өзгеде нормативтік кесімдермен айқындалады.



73. Ұйымның қолданыстағы сапа жүйесі сапа жөніндегі стандарттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

## **&2. Кәсіби даярлау және жұмысқа жіберуге рұқсат**

74. Ұйым жаңа мамандарды жинауды, кәсіби оқуды, қайта даярлауды және персоналдың біліктілігін көтеруді реттейтін процедураларды, қолданыстағы құжаттар талабына сәйкес қызметкерлер үшін лауазымдық нұсқауларды әзірлеуі қажет.

75. Осы мақсат үшін Ұйым:

1) Ұйымның әрбір жұмысшысының лауазымдық нұсқауларында, өнім сапасына әсер ететін жұмыстарды орындайтын персоналдар үшін қажетті құзыретті анықтайды;

2) сыртқы оқу ұйымдарын пайдалана отырып, даярлауды, біліктілікті көтеруді қамтамасыз етеді немесе осы сұранымдарды қанағаттандыру мақсатымен басқада әрекеттерді қабылдайды.

76. Ұйымда авиациялық техниканы жөндеу сапасын білікті әкімшілік-басқаратын, өндірістік, бақылау персоналдарының жеткілікті саны болуы тиіс.

Жұмыстарды жеке орындауға және оларды қабылдауда, сондай-ақ осы жұмыстарды тікелей басқаруға тек қажетті біліктілігі мен жұмысты орындау құқығына рұқсаты бар тұлғалар ғана жіберіледі, ол туралы белгіленген тәртіппен тиісті құжаттарда жазба жүргізіледі.

Ұйымнан тыс жерде жұмыстарды орындау үшін іс сапарға жіберілген Ұйымның жұмысшылары осы жұмыстарды орындау құқығына рұқсаты болуы тиіс.

Атқарушылар мен бақылаушылардың біліктілігі орындалатын жұмыстың сипатына, күрделігіне және жауаптылығына сәйкес болуы тиіс және Ұйым әзірлеген құжаттармен анықталады.

Сапа жүйесінің қызметін ұйымдастыруға және бұйымдарды пайдалануға жіберуге тікелей байланысты мамандар Кадрлар реестріне енгізіледі.

Ұйымда кәсіби даярлауда өткізуге және рұқсаттардың қызмет ету мерзімдері үшін жауапты тұлғалар тағайындалады.

## **&3. Метрологиялық қамтамасыз ету**

77. Ұйым жөндеу өндірісінің метрологиялық қамтамасыз етудің барлық бағыттары бойынша қызметтерінің тәртібін анықтайтын нормативтік құжаттарды әзірлейді. Жұмыстарды метрологиялық қамтамасыз ету Өлшеу бірліктерінің қамтамасыз ету жүйесі стандарттарын сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс

ж ә н е

ө з і н е :

- 1) метрологиялық лаборатория мамандарын оқыту мен аттестациялауды;
- 2) өлшеу құралдарын тексеруді;
- 3) өлшеу құралдарын паспорттау мен метрологиялық аттестациялауды;
- 4) өлшеу құралдарының реестрін жүргізуді;
- 5) технологиялық және конструкторлық құжаттамаларға метрологиялық сараптаманы қосады.

78. Ұйым авиациялық техника бұйымының белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті мониторинг және өлшеу үшін құрылғы о р н а л а с т ы р а д ы .

Ж а б д ы қ :

- 1) белгіленген кезеңде немесе оны халықаралық немесе ұлттық эталондармен салыстырғанда бірлік мөлшерін беретін үлгі эталон бойынша қолданудан алдын калибрленген немесе тексерілген. Ондай эталондар болмаған жағдайда, калибрлену немесе тексеріс үшін пайдаланылатын база тіркелген болуы тиіс;
- 2) р е т т е л г е н ;
- 3) калибровка статусын белгілеу мақсатында салыстырылған;
- 4) өлшеу нәтижесін жарамсыз етуі мүмкін реттелулерден қорғалған;
- 5) пайдалану, техникалық қызмет көрсету және сақтау барысында зақымданудан және жай-күйінің нашарлануынан қорғалған болуы тиіс.

79. Егер жабдықтың талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда, Ұйым өлшеудің алдыңғы нәтижелеріне бағалауды және тіркелуін жүргізеді.

80. Ұйым бұзылған және тексерілмеген өлшеу құралдарының технологиялық процестерден өз уақытында алынуын қамтамасыз етуі, сондай-ақ өлшеудің техникалық құралдарының графиктерінің жай-күйі мен сақталуын бақылау үшін жауапты тұлғаны тағайындауы тиіс.

#### **&4. Жеткізушілермен жұмыстар**

81. Ұйым өнім мен қызмет жеткізушілерін алғашқы бағалау және мақұлдау бойынша процедураларды әзірлеуі, жеткізілетін өнімдердің сапасы бойынша қойылған талаптарды орындауы, сондай-ақ Жөндеу кезінде қолданылатын бұйымдар мен материалдардың барлық номенклатуралары бойынша тізбесін және мақұлданған жеткізушілер тізбесін даярлауы тиіс.

82. С а т ы п а л у п р о ц е с і н д е :

1) Ұйым жеткізушілерді олардың Ұйымның талаптарына сәйкес өнімдерді жеткізу қабілеттілігі негізінде бағалауы және таңдауы, сондай-ақ таңдау, бағалау

және қайта бағалау әдістерін әзірлеуі тиіс;

2) Ұйым сатып алу бойынша белгіленген талаптардың сәйкестігін қамтамасыз етуі және ол туралы жеткізушілерге хабарлауы тиіс.

83. Сатып алынған өнімді верификациялау (тексеру) өзіне:

1) шарттар жасасудың тәртібі бойынша процедураларды әзірлеуді және жеткізу шарттарына стандарттардың индекстерін, техникалық жайларды, сапа сертификаттарын және басқада өнім сапасына, жолдама құжаттардың түрі мен жинақтылығына қойылатын талаптарды белгілейтін құжаттамаларды енгізуді;

2) сатып алынған өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті бақылауды немесе өзгеде шараларды жүзеге асыруды;

3) жеткізушілермен рекламациялық жұмыстарды жүргізуді және рекламацияларды жабу бойынша шаралар қабылдауды қосады.

## **&5. Кіріс бақылауы. Материалдар мен бұйымдарды сақтау мен орын алмастырылу**

84. Ұйым сатып алынған бұйымдардың нормативтік-техникалық құжаттамаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті процедураларды әзірлеуі және кіріс бақылауын немесе өзгеде шараларды жүзеге асыруы тиіс.

Авиациялық техникалық бұйымдарды және әуе кемелерін жөндеу үшін Даярлаушының немесе Әзірлеушінің құжаттамаларына сәйкес жинақтаушы бұйымдар мен материалдар пайдаланылады.

Жинақтаушы бұйымдар мен материалдар оларды пайдаланудан алдын олардың жай-күйінің, физикалық және химиялық қасиеттерінің, техникалық параметрлерінің стандарттар, техникалық шарттар (бұдан әрі - ТШ) және жеткізу шарттары талаптарына сәйкестігін тексеру үшін кіріс бақылауын жүргізу үшін жауапты бөлімшелердің кіріс бақылауына алынады.

85. Кіріс бақылауын жүргізу тәртібі қолданыстағы нормативтік құжаттамалар (бұдан әрі - НК) талаптарын ескере отырып әзірлеген Ұйымның тиісті құжаттарымен белгіленеді.

86. Бөлшектерді, жинақтаушы бұйымдарды және материалдарды қоймалау, сақтау және орын алмастыру тәртібі тиісті құжаттармен анықталуы және:

1) НК және жеткізу шарттарында көрсетілген химиялық, физикалық қасиеттерінің, геометриялық параметрлері мен сипаттарының сақталуын;

2) бұзылудан және кірленуден алдын ала қорғауды;

3) жолдама құжаттамалардың, желімдердің, биркалардың, этикеткалардың және басқада идентификациялық белгілердің сақталуын;

4) жинақтылықты сақталуын;

5) кондициондық және кондициондық емес детальдардың, бөлшектердің, бұйымдар мен материалдардың жеке сақталуын;

6) жөндеу процесінде шығарып тастауға жатпайтын детальдардың, будандардың және жинақтаушы бұйымдарды идентификациялауды;

7) қоймалардан өнімдерді алу мен беру тәртібін және бақылауды реттейтін құжаттардың болуын;

8) қоймалардан материалдар мен бұйымдарды алу мен беру тәртібін және бақылауды сақтау үшін жауаптыларды бекітуді қамтамасыз етуі тиіс.

## **&6. Авиациялық техниканы жөндеудің технологиялық процесі**

87. Ұйым бөлімшелерде нормативтік, ұйымдастырушылық-тәртіптік, техникалық және өндірістік-бақылау құжаттамаларын басқару бойынша процедураларды жоспарлауы және әзірлеуі қажет.

Бұйымды жөндеудің технологиялық процесін ұйымдастыру қолданыстағы стандарттардың және нормативтік құжаттамалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **88. Өндірістік алаңдар.**

Ұйым жоспарланған жұмыстарды орындау үшін жеткілікті, соның ішінде ангарларды, цехтарды, қоймаларды, қызметтік және тұрмыстық бөлімшелерді, жөнделінетін бұйымдарды, жөндеу құралдарын орналастыру үшін, сондай-ақ персоналдарды орналастыру үшін өндірістік алаңдары болуы қажет.

Бұл жағдайда өндірістік алаңдар:

1) көлемі, жоспарлануы, жарықпен қамтамасыз етілуі, температурасы, ылғалдылығы, тазалығы және басқада параметрлері бойынша нормативтік құжаттамалар мен технологиялық құжаттамалардың талаптарына сәйкес болуы;

2) жұмыстарды орындау үшін қажетті энергия көздерімен және коммуникациялармен (электр энергиясымен, қысымдалған ауамен, жылумен, сумен, вентиляциямен және басқалармен) жабдықталуы;

3) жұмыс істеу аймақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі (бақылау жүйесі және өрттен, жарылыстан, токсиндік әсерден және басқалардан қорғаудың болуы)  
т и і с .

Бұйымдарды жинау учаскесі қиқымдарды, металдық және басқада шаңдар мен кірлерді жасайтын металдық өңдеулердің кез келген түрін орындайтын жерден оқшауландырылады. Сондай-ақ бұйымдарды тазалау, жуу, сырлау учаскелері басқа жұмыс орындарынан оқшауландырылады.

Жөндеу жұмыстарын өндірістік бөлмелерден тыс жерде орындау технологиялық құжаттамаларда көрсетілген болуы тиіс, бірақ бұл жағдайда

жұмыстарды орындау тек температурасы, ылғалдылығы, шаңдануы және атмосфералық қонықтануы қолайлы ауа-райы жағдайында жіберіледі.

Материалдарды, бұйымдарды, құрал-саймандар мен жабдықтарды сақтау үшін қойма бөлмелерін қарастыру қажет. Сақтау жағдайы нормативтік құжаттамалар талаптарына жауап беруі тиіс.

Персонал жұмыс істейтін қызметтік бөлмелер өндірісті жоспарлау мен басшылық етуді, сапаны басқаруды, персоналды қолайсыз ауа-райы және өндірістік факторлардан қорғауды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ құжаттамаларды ресімдеу мен оқу үшін жобаланған және жабдықталған болуы қажет.

89. Ұйым қоршаған ортаны сақтау бойынша барлық талаптарды орындауды қамтамасыз етуі тиіс.

#### 90. Ж ө н д е у к ұ р а л ы .

Ұйым жоспарланған жұмыстарды орындау үшін, технологиялық құжаттамалардың талаптарына сәйкес (ұқсас немесе бірдей) болатын, жөндеу к ұ р а л д а р ы б о л у ы қ а ж е т .

Қолданылатын жөндеу құралдары идентификацияланған (маркіленген, паспортталған) және ұйымның тиісті бөлімшесімен аттестацияланған болуы тиіс.

Жөндеу құралдарын мерзімдік тексеруді, калибровкаалауды, қызмет көрсетуді , жөндеу мен сақтауды нормативтік құжаттамалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы, сондай-ақ қойылған талаптарға сәйкес еместерін оқшаулау қажет.

### **&7. Арнайы технологиялық процестер**

91. Ұйым ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеуі, сондай-ақ жөндеу кезінде қолданылатын арнайы технологиялық процестер тізбесін Әзірлеушімен келісуі тиіс.

92. Арнайы технологиялық процестер қолданыстағы нормативтік құжаттамалардың, жөндеу және қажет болған жағдайда басқада технологиялық құжаттамалардың талаптарын сақтай отырып орындалуы тиіс.

93. Ұйым бақылаудағы параметрлерді тіркейді және өндірістік бақылау құжаттамаларын ресімдейді, сондай-ақ арнайы процестер орындаудың сапасын тексеру тәртібін нормативтік құжаттамалардың талаптарына сәйкес анықтайтын процедураларды әзірлейді.

### **&8. Бұзылмайтын бақылау**

#### 94. Ұ й ы м :

1) бұзылмайтын бақылау бөлімшесінің қызметін бақылау процедураларын;

2) бұзылмайтын бақылаудың барлық қолданылатын тәсілдері үшін  
н о р м а т и в т і к қ ұ ж а т т а р д ы ;

3) вихретоқтық, ультрадыбыстық, магниттік, капиллярлық бақылау үшін  
салалық бақылау және жұмыстық үлгілерін қолдануды реттейтін  
п р о ц е д у р а л а р д ы ;

4) бұзылмайтын бақылаудың технологиялық процестеріне технологиялық  
н ұ с қ а у л ы қ т а р д ы ;

5) жөнделіп жатқан авиациялық техниканың бұғаулары мен бөлшектерінің  
бұзылмайтын бақылау нәтижелерін ресімдеу және шешім қабылдау бойынша,  
өндірістік-бақылау құжаттамаларын бақылау нәтижелерін тіркеу бойынша  
процедураларды әзірлеуі тиіс.

95. Бұзылмайтын бақылау кезінде қолданылатын жабдықтар өлшемнің  
дәлдігін кепілдеу үшін мерзімді метрологиялық тексерістен және калибрленуден  
өтуі тиіс.

96. Бұзылмайтын бақылау орындалатын жұмыс орны бұзылмайтын бақылау  
жөніндегі технологиялық құжаттамалармен қамтамасыз етілуі және жабдықты  
реттеу үшін эталондармен жабдықталуы тиіс.

97. Ұйымның бұзылмайтын бақылауды жүргізу үшін жеке бөлмелері,  
лабораториялары немесе арнайы жабдықталған жұмыс орны, сондай-ақ  
бақылаудың вихрлі тоқты, ультра дыбысты, магнитті ұнтақты, капиллярлы  
тәсілдерінде қолданылатын салалы стандарттар үлгілерінің жеткілікті саны  
болуы тиіс.

## **&9. Тәжірибелік тексеру**

98. Ұйым белгіленген талаптарға сәйкес тәжірибелік тексеру жүргізу тәртібін,  
тәжірибелік тексеруді қамтамасыз ету және жүргізу үшін жауапты басшылар мен  
бөлімшелерді, сондай-ақ бөлімшелерде нормативтік және техникалық  
құжаттамалардың болуын қамтамасыз етуді белгілейтін процедураларды әзірлеуі  
т и і с .

Бұйымның әрбір данасы жөндеуден (модификациялаудан) кейін тәжірибелік  
тексеру жүргізудің технологиялық құжаттамаларында анықталған тәртіппен  
және көлемде жерде (стендтік) тәжірибелік тексеріске тартылады, нәтижесінде  
бұйымның техникалық сипаттары технологиялық құжаттамалардың талаптарына  
сәйкестігі туралы шешім қабылдануы тиіс.

99. Ұйым әуе кемесінің ресімделетін "Жөндеу ісінің" эталонға сәйкестігін  
қамтамасыз етеді. Тәжірибелік тексерістен өткен бұйымның параметрлері,  
техникалық және ұшу сипаттары өндірістік-бақылау құжаттамаларында және  
пайдалану құжаттамаларында жазылуы тиіс. Тәжірибелік тексеріс нәтижесі

жөніндегі өндірістік-бақылау құжаттамалары әуе кемесінің (бұйымның) "Жөндеу ісіне" қосылады.

100. Ұйымның әуе кемесін жөндеуден (модификациялаудан) кейін оның ұшу тәжірибелік тексеруді орындайтын бөлімшелер оған қойылатын қолданыстағы нормативтік құжаттамалар талаптарына сәйкес болуы тиіс.

## **&10. Жөндеу процесінде әуе кемесі мен құрамдас бөлігіне техникалық қызмет көрсету**

101. Ұйымда жөндеу процесінде әуе кемесі мен құрамдас бөлігіне техникалық қызмет көрсетуді орындаудың:

- 1) пайдалану құжаттамаларына өзгерістер енгізу жөніндегі;
- 2) инженерлік-техникалық персонал үшін рұқсаттарды ресімдеу жөніндегі;
- 3) әуе кемесінде техникалық қызмет көрсетудің жалпы түрлерін орындауды ұйымдастыру жөніндегі;

4) әуе кемесінде техникалық қызмет көрсетудің жалпы түрлерін, тікелей, маусымдық, сақтау кезіндегі техникалық қызмет көрсету және қызмет көрсетудің ерекше түрлерін орындауды ұйымдастыру жөніндегі процедуралары әзірленуі тиіс.

102. Ұйым әуе кемесіне техникалық пайдалану жөніндегі басшылық талаптарына сәйкес техникалық қызмет көрсетуді жүргізу үшін құралдары, орындауға және жауапты лауазымды адамның техникалық қызмет көрсетуді орындауының сапасын бақылау мен нәтижесін ресімдеуді қамтамасыз етуі тиіс.

103. Ұйым тиісті Сертификат болған жағдайда әуе кемесіне мерзімді техникалық қызмет көрсетуді орындауы мүмкін.

## **&11. Құжаттамалар**

104. Ұйымда конструкторлық, технологиялық, өндірістік-бақылау және пайдалану құжаттамалары болуы тиіс.

105. Конструкторлық құжаттама.

Ұйымда белгіленген тәртіпте бекітілген, құрамы және саны бойынша:

- 1) барлық қажетті технологиялық құжаттамалардың Ұйыммен әзірленуін;
- 2) қажетті жөндеу құралдарын әзірлеу және даярлауды;
- 3) бұйымды жөндеу процесінде барлық бұзылуларды (ақауларды) табуды және оларды бағалау мен жою бойынша шешім қабылдауды;
- 4) бұйымдарды модификациялау мен қалпына келтіру жұмыстарын орындауды;
- 5) бөлшектерді даярлауды қамтамасыз ететін, есепке алынған конструкторлық құжаттамалар болуы тиіс.

- 1) конструкторлық құжаттамаларды басқару бойынша процедураларды әзірлеуді;
- 2) жөнделінетін авиатехниканың әрбір түрі бойынша жөндеу үшін құжаттар ведомоствосының болуын;
- 3) қолданыстағы конструкторлық құжаттамаларды есепке алу мен сақтауды ұйымдастыруды;
- 4) түсіп жатқан өзгерістерді дұрыс және өз уақытында енгізу мен оларды орындаушылар мен техникалық бақылау бөлімінің жұмысшыларына жеткізуді;
- 5) жарамсыз конструкторлық құжаттамаларды қолданыстан алуды қамтамасыз етеді.

#### 107. Технологиялық құжаттамалар.

Бұйымды жөндеу (модификациялау) авиатехниканы жөндеу жөніндегі нормативтік технологиялық құжаттамалардың талаптарын сақтай отырып, белгіленген тәртіппен, Даярлаушымен (Әзірлеушімен) әзірленген жөндеу жөніндегі құжаттамалармен (Жөндеу жөніндегі басшылық, Негізгі бөлшектеу мен жөндеу рұқсаттарының альбомы және басқалар) жүзеге асырылады.

Даярлаушының (Әзірлеушінің) конструкторлық және технологиялық құжаттамалардың, сондай-ақ өндірістің қолданыстағы мемлекеттік, салалық және технологиялық нұсқаулықтардың негізінде Ұйыммен әзірленген технологиялық құжаттамаларында қолданылуы мүмкін.

Технологиялық құжаттамаларда жұмысты орындау тәсілдері, кезектілігі және шарттары, бақылаудағы параметрлері мен бақылау әдістері, технологиялық құрылғылары, саймандары мен материалдары, бұйымдарды зақымданудан және ластанудан қорғау талаптары, өндірістік орта, бөлшектерді идентификациялау әдістері көрсетілуі тиіс.

Ұйым технологиялық құжаттамаларды пайдалануды, өзгерістер енгізуді, орындаушыларға жеткізуді, есепке алу мен сақтауды жүзеге асырады.

Әуе кемелерінің (құрамдас бөлшектерінің) жекелеген даналарын модификациялау Әзірлеушінің құжаттамалары бойынша орындалуы немесе онымен келісілген болуы тиіс.

#### 108. Өндірістік-бақылау құжаттамалары.

Бұйымды жөндеудің (модификациялаудың) барлық сатысында:

- 1) бұйымның атауы, мәні мен нөмірінен;
- 2) модификациялау мен конструкторлық құжаттамалардың және технологиялық құжаттамалардың (техникалық шешімдердің парақтары, рұқсат карталары және басқалар) талаптарынан жіберілген ауытқуларды қоса алғанда орындалған жұмыстың көлемі мен мазмұнынан;
- 3) бөлшектердің, бұғаулардың және бұйымдардың нақтылы сипаттары мен



п а р а м е т р л е р і н е н ;

4) жұмыстарды орындау мен бақылау күні;

5) орындаушылар мен бақылаушылардың тегінен және қолынан ( бұрыштамасынан, жеке таңбасынан) тұратын өндірісті-бақылау құжаттамасы ресімделуі тиіс.

109. Өндірістік-бақылау құжаттамасының (эталондық Жөндеу ісінің) құрамы мен нысаны қолданыстағы нормативтік құжаттамалар негізінде бұйымның үлгісіне және жөндеу ұйымдастыруына қолданылатындай етіп Ұйыммен әзірленеді, бекітіледі және түзетіледі.

Бұйымға ресімделген өндірістік-бақылау құжаттамасы "Бұйымды жөндеу ісінің" құрамында жинақталады.

110. Бұйымның әрбір данасына ресімделген "Жөндеу ісі" эталондық " Бұйымды жөндеу ісіне" сәйкес болуы тиіс.

"Бұйымды жөндеу ісі" бұйымды есептен шығарғанға дейін ұйымда сақталады

Ұйым таратылған жағдайда "Жөндеу ісі" уәкілетті орган анықтаған ұйымға беріледі.

111. Пайдалану құжаттамасы.

Пайдалану құжаттамасының номенклатурасы мен жүргізу тәртібі стандарттар мен уәкілетті орган бекіткен авиациялық техниканы пайдалану ережелерінің талаптарына жауап беруі тиіс.

## **&12. Сәйкессіз өнімдермен қатынастар**

112. Ұйым жөндеудің барлық сатыларында сәйкессіз өніммен жұмыс үшін Басқару құралын, жауаптылықты және өкілеттілікті анықтайтын сәйкессіз өнімдерді басқару процедураларын әзірлеуі тиіс.

113. Ұйым сәйкессіз өнімдер бойынша қабылданған шешімдерді мерзімдік талдау және Әзірлеуші мен Авиациялық әкімшілікке авиациялық техника бұйымынан жаңадан табылған, ұшу жарамдылығына әсер ететін, ақаулары мен бұзылулары жөнінде мәлімдеу тәртібінің процедураларын әзірлеу қажет.

## **&13. Істен шыққан бұйымдар бойынша ақпараттық жүйелер мен шаралар қабылдау**

114. Қауіпті істен шығулар туралы есеп беру.

Ұ й ы м :

1) ұшу жарамдылығына байланысты барлық анықталған қауіпті істен шығуларды (ақауларды) жинау, есепке алу және уәкілеті органға мәлімет беру т ә р т і б і н ә з і р л е й д і ;

2) пайдалануға істен шығуларды (ақауларды) жедел жою бойынша шаралар қабылдау тәртібін анықтайды;

3) авиациялық жағдайлар мен оқиғаларға қызметтік тергеу жүргізу бойынша талаптарды анықтайтын нормативтік-техникалық құжаттардың болуын қамтамасыз етеді.

#### 115. Ұйымда:

1) жөндеу және жөндеуден кейін бұйымды пайдалану процестерінде анықталған істен шығулар (ақаулар) бойынша ақпараттарды жинау, есепке алу мен талдау және ақпараттарды тікелей орындаушылар мен қызметтерге жеткізу жүйесі;

2) жауапты бөлімшелер мен лауазымды тұлғаларды анықтай отырып бұйым ақауларына қызметтік тергеу жүргізу және себептерін белгілеу жүйесі;

3) бұйымға тәжірибелік тексеріс жүргізу кезінде Даярлаушымен, Әзірлеушімен және ғылыми-зерттеу институтымен өзара әрекеттерді қамтамасыз ету болуы тиіс.

116. Ұйым жөнделіп жатқан авиатехниканың ақауларын алдын алу бойынша профилактикалық шаралар жасауы және жөнделініп жатқан бұйымдардың ақауларын алдын алу мен түзететін және ескертетін әрекеттерді іске асыру тәртіптерін реттейтін процедураларды әзірлеуі тиіс.

### **&14. Бюллетень бойынша бұйымдарға жасалатын жұмыстар**

117. Ұйымда Әзірлеуші бекіткен Негізгі бұйымдар мен жинақтаушылар бойынша қолданыстағы бюллетеньдер тізбесі, сондай-ақ Әуе кемесінде және оның құрамдас бөлшектерінде орындалуға жататын бюллетеньдер бойынша мүлікті тапсырыс тәртібі болуы тиіс.

118. Ұйым жөндеу процесінде негізгі бұйымдар мен жинақтаушы бюллетеньдер бойынша толықтыруларды орындауды ұйымдастыруды анықтайтын процедураларды әзірлейді. Авиатехникаға толықтырулар енгізу тәртібі:

1) БА бюллетені бойынша (БА - бұйымды пайдалануды тоқтата тұратын конструкторлық және өндірістік ақауларды жоюға бағытталған бюллетеньдер) жұмыстар қысқа техникалық мүмкін мерзімде орындалуы тиіс;

2) БД бюллетені бойынша (БД - бұйымды пайдалануды тоқтатпайтын конструкторлық және өндірістік ақауларды жоюға бағытталған бюллетеньдер);

3) БУ бюллетені бойынша (БУ - бұйымның конструкциясын жақсартуға және сенімділікті күшейтуге бағытталған бюллетеньдер). Осы бюллетень бойынша жұмыстар кешенді түрде орындалуы, сондай-ақ бұйымдардың кезекті жөндеулерін орындау кезіндегі бюллетенді шығару жөніндегі шешімде

4) БР бюллетені бойынша (БР - бұйымның жөндеу құжаттамаларын өзгерту бойынша бюллетеньдер);

5) БЭ бюллетені бойынша (БЭ - пайдалану құжаттамаларын, соның ішінде ресурстарды, авиациялық техниканы сақтау қызметінің мерзімін өзгерту бойынша бюллетеньдер).

119. Ұйым бюллетень бойынша есепке алуды, жоспарлауды, толықтыруларды орындау мен сапаны бақылауды жүзеге асыратын, өндірістік-бақылау мен нөмірлік құжаттамаларды ресімдеу және әуе кемелерін модификациялау мен қайта жабдықтауды орындау бойынша процедураларды әзірлеу, "Жөндеу ісінің" толықтыру карталарын ресімдеу үшін лауазымды тұлғалардың болуын қамтамасыз етеді.

### **&15. Ұшу жарамдылығын бағалау және ресімдеуді.**

#### **Бұйымды пайдалануға қайтару**

120. Ұйымда бұйымның ұшу жарамдылығын қорытындылай бағалау және бұйымды пайдалануға қайтару мен ұшу жарамдылығының нормативтік құжаттарға сәйкестігін бақылау туралы шешімді қабылдау процедураларын әзірлеуі тиіс.

121. Жөндеуден (модификациялаудан) өткен бұйымның ұшу жарамдылығы олардың формулярларында (төл құжаттарында) мыналар:

1) қолданыстағы технологиялық құжаттамаларға сәйкес кешенді жұмыстарды орындау;

2) пайдалануға уәкілетті тұлға қол қойған бұйымның ұшу жарамдылығы бойынша орындалған модификациялар мен шаралар;

3) белгіленген жөндеу аралық және кепілдік ресурстар мен қызмет мерзімдері ;

4) бұйымның жинақтылығы ;

5) бұйымның салмағы мен центровкасы (әуе кемелері үшін) және басқада ерекшеліктері туралы жазбалармен расталуы тиіс.

122. Ұйым белгіленген тәртіппен бұйымды жөндеуден кейін пайдалану процесінде пайда болған ақауларды жүзеге асырады және жөндеуден өткен авиатехникаларды пайдалануға қайтару процедураларын әзірлейді.